



Рисунок 2.

Разработка поста в Instagram для аккаунта новостного портала Казахстана «HolaNews».

Кәрім А.О.

3 курса студенті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Ергалиева Г.С.

аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

«ҮЛКЕН ҮЙ»

Жаңа заманның даму жолындағы жаңа Қазақстан, тірліктің барлық саласында ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып ілгері алға басып келеді. Қай саланы болмасын, заманауи технологиялармен автоматтандыру жүйелері адам жұмысына жеңілдік әкелуге, қоғам талаптарын аз уақытта орындауға, шығын көлемін азайту тұстарында ең оңтайлы шешім. Қоғам тіршілігінде ең басты маңыз алатын дүниелердің бірі тұрғын үй. Архитектура саласында жаңа технологиялар мен техника көмегі ең негізгі күш

болып табылады. Сонымен қатар нысанның алғашқы жобасын жасау, моделін ойластыру, дизайнын көркемдеу, компьютерлік графиканың көмегімен жүзеге асады.

Компьютерлік графиканың бізге жетістігімен кең танымал түрі 3D модельдеумен жұмыс жасаған өз алдына дәлдікке, ұқыптылыққа, реализациялық көзқарасты дамытуға көмектеседі. Бүгінгі таңда әлемдік дәрежеде бұл сала бойынша алдыңғы қатардағы бағдарламалық өнімдерін жасап отырған Autodesk компаниясы.

Autodesk, Inc. - компания, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, машина жасау, медиа-ойын-сауық нарығына арналған бағдарламалық жасақтаманың әлемдегі ең ірі жеткізушісі. Компания сәулетшілерге, инженерлерге және дизайнерлерге арналған қайталанған бағдарламалық өнімдердің кең спектрін жасады. Қазір бүкіл әлемде Autodesk-тің 9 миллионнан астам қолданушысы бар. Соның бірі мен. Мен Autodesk AutoCAD бағдарламасымен жұмыс істеуді аз уақытта үйреніп маңызды нысандардың компьютерлік 3D моделін жасауды да қолға алдым.

Ұсынылып отырған жобам аумағы жөнінен де, биіктігі жөнінен де үлкен үй, сондықтан да оны «Үлкен үй» деп атадым. Жалпы үйді жасар алдында үлкен аумақты алып жатар 2 қабатты қызыл үйді жоспарладым.

AutoCAD бағдарламасында 2D кескіндеу өте оңай әрі ыңғайлы, бұл мүмкіндікті пайдалана отырып ең алдымен үйді 3 бөлікке бөліп 2D сызбасын сызып алдым. Ең алдымен сыртқы қоршауын, аула ішіндегі әсемдік үшін, қажеттілік үшін жасалған заттар мен адам жүру жолдары және үйдің толық көлемін қамтитын іргетас пен баспалдақтардың өлшемін үйлестірдім. Одан соң үйдің бірінші қабатының жоспарын жасадым, бірінші қабатта 2 сыртқы есіктер орналасқан және ол есіктерге сәйкес қанатшалар бар. Үйдің бірінші қабатында үлкен холл, студия стилінде жасалған асхана, тамақтану бөлмесі мен қонақжай орналасқан. Ал холдың екінші жағында санузел, жұмыс кабинеті мен демалыс бөлмесі бар. Жалпы үйдің көлемі - 222 м2.

Үшінші бөлік екінші қабаттың 2D сызбасы болды. Екінші қабатта да екі қанатша бар. Бірі жатын бөлмеге жалғасқан болса, екіншісі балкон. Екінші қабатта 4 жатын бөлме, бір холл және бір

жұмыс кабинеті бар. Сонымен қатар бір санузел және гардероб бар, олар жатын бөлмеге кірістіре орналасқан.

Жұмыстың екінші әрі қызықты бөлігі үйді 3D модельде тұрғызу. Ең алдымен жасалған 2D сызбалардың көмегімен іргетасын көтеріп алдым. Сонымен қатар үйдің сыртқы түрін әдемілеу үшін кірпіштің розміріне сәйкес қабырға бөліктері мен негізгі қалың қабырғаларды (несущий) да көтердім. Одан кейінгі кезең терезелердің орнын бөліп алу және терезерлерді салу болды. Айта кетесем, үйдегі әрбір заттың барлық ұсақ бөлшектеріне дейін AutoCAD бағдарламасында өзім жасаған болатынмын. Жалпы жобада 50-ге жуық қабат(слои) бар. Әр бөлшектер өз алдына шатастырмау мақсатында бөлек түсте және өз сипатына сәйкес атаумен аталды. Есік терезерлерді және үйдегі қойылатын жиһаздарды бөлек кеңістікте жасап алып, орнына орналастыра отырып, үйдің ішін де бөлмелердің қажетінше толтырдым. Соңғы қалғаны аула іші болды. Жалпы аула биіктігі 2 метр тас қоршаумен қоршалған. Аулы ішінде адам жүруіне ыңғасластырып жасалған тратуарлар және көгалдар бар. Адам кіруге арналған кішкене есік пен машиналар бір мезетте кіруге арналған жылжымалы роликтері бар ұзындығы 10 (5x2) метр болатын есік бар. Әр бөліктің өз мақсаты мен маңызы бар. Соны ескере отырып ең соңында бөліктерді жеке-жеке визуализациялау басталады. Үйді дизайнның минимализмдық түрін тандап тек 3 түсті тандадым, ал соның ішінде негізгі түстер тек қызыл және ақ түстер болды. Үйдің сыртқы көрінісінде қызыл кірпішті бейнеп, бұрыштары мен жиектеріне және есік, терезе, баспаладақ пен бағаналарда ақ түсті тастарды бейнеледім. Үйдің шатырында да қызыл түсті черепица құрылыс материалы бейнеленді. Үйдің ішкі бөлігінде де негізінен сол екі түсті қолдандым. Визуализацияның үлкен мүмкіншілігі, бағдарламаның ішінде бар түстер мен кескіндерден бөлек өзіміздің жаңа материал қосу мүмкіндігі бар. Үйдің ішкі қабырғасына ашық түсті тұсқағазды бейнелеп, қызыл-ала жиһаздармен толтырдым. Бірінші қабатта орналасқан жұмыс кабинетінде өтке көп бөлшектер кездеседі. Визуализацияның кең мүмкіншілігінің арқасында қабырғаға ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының портретін бейнелеп, қасына қазақ елінің туын қоя алдым.

Үйдің жалпы көлемі 222 м² –ты алып жатыр. Х –өсі бойынша 17,6 м ұзындыққа ал, Y –өсі бойынша 20 м ұзындыққа дейін жетеді.

Ал үйдің ең астыңғы бөлігі іргетастан бастап шатырдың ең биік нүктесіне дейінгі аралық 9,4 метр биіктікке дейін жетеді.

Барлық өлшемдерді осылай шын өмірдегі үйдің мемлекеттік стандарттарына сәйкес жасау арқылы, құрылыс саласында макет жасау ісін, маркетингтік тұтынушыларды көптеп тарту ісін, шығын шығармай-ақ объектті басынан соңына дейін толықтай жоспарлап алу мүмкіндігін береді. Және біз бұндай мүмкіндіктерді әр салада да пайдалануымыз керек.

<https://www.youtube.com/watch?v=XrmG2Y6rft0>

Қосымша:



1-сурет



2-сурет



3-сурет

*Садвокасов Е.Е.
3 курса студенті, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік
университеті
Ергалиева Г.С.
аға оқытушы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік
университеті*

AUTOCAD БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖЕР ҮЙ САЛУ

Мақсатым AutoCAD жүйесінің барлық мүмкіндіктерін қолданып жобаны салу. Бағдарламаны қандай бағытта тиімді қолдануға болатыны жариялау. Ғылыми жұмыстың өзектілігін көрсету.

Ғылыми жұмыс бағдарламалық өнім ретінде AutoCAD 2019 ортасында жүзеге асырылады және объектінің 3D моделі болып табылады.

Бұл жұмыста тұрғын үй нысанының 2D жоспары мен 3D моделі жасалды, нысандарды жобалауда бағдарламаның барлық мүмкіндіктері қолданылды.

1 Үйдің 3D моделін сипаттау